

Экономикалық қызмет түрлерін жүзеге асыруды регламенттейтін мемлекеттік рұқсат беру жүйесін қалыптастыру мәселелері жөніндегі комиссия құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 10 наурыздағы N 219 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 мамырдағы
№ 453 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.05.20 № 453 Қаулысымен.

Экономикалық қызмет түрлерін жүзеге асыруды регламенттейтін мемлекеттік рұқсат беру жүйесін қалыптастыруға тұжырымдамалық қағидаттарды іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес құрамда Экономикалық қызмет түрлерін жүзеге асыруды регламенттейтін мемлекеттік рұқсат беру жүйесін қалыптастыру мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын.

2. Комиссия туралы ереже бекітілсін.

3. "Лицензиялау жүйесін жетілдіру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 4 наурыздағы N 268 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 11, 143-құжат) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2005 жылғы 10 наурыздағы
N 219 қаулысына

қосымша

**Экономикалық қызмет түрлерін жүзеге асыруды
регламенттейтін мемлекеттік рұқсат беру жүйесін
қалыптастыру мәселелері жөніндегі комиссияның құрамы**

| | |
|----------------------|---|
| Сұлтанов | - Қазақстан Республикасының Экономика |
| Бақыт Тұрлыханұлы | және бюджеттік жоспарлау министрі, |
| төраға | |
| Құсайынов | - Қазақстан Республикасының Экономика |
| Марат Әпсеметұлы | және бюджеттік жоспарлау вице-министрі, |
| төрағаның орынбасары | |

Пердебаева - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Экономика салаларын дамыту департаменті экономика салаларындағы реттеу саясаты басқармасының бастығы, хатшы

Раушан Сарыбекқызы

Айтжанов - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі

Дулат Нулиұлы

Бишімбаев - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда вице-министрі

Қуандық Уәлиханұлы

Құрманов - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі

Алмас Мұхаметкәрімұлы

Нүсіпова - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі

Әсем Бекқызы

Саудабаев - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі

Дәулет Советұлы

Тұрғанов - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі

Дүйсенбай Нұрбайұлы

Шпекбаев - Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі

Алик Жатқамбайұлы

Никитинский - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Туризм индустриясы комитетінің төрағасы

Евгений Сергеевич

Мұхамбетов - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің төрағасы

Ғабит Мұхамбетұлы

Бишіғаев - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі төрағасының орынбасары

Асқар Дәруішұлы

Құдайбергенов - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары

Ескендір Көпбосынұлы

Шаймағамбетов - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі төрағасының орынбасары

Еркін Мұстафаұлы

Веснин - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Төтенше жағдайларды және өнеркәсіптік қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау комитеті төрағасының орынбасары

Виктор Николаевич

Есжанов - Қазақстан Республикасы Көлік және
Қанат Бөлебайұлы коммуникация министрлігінің Көліктік
бақылау комитеті төрағасының орынбасары

Жампейісов - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын
Амангелді Сүйімбайұлы басқару агенттігі төрағасының
орынбасары

Құттыбаев - Қазақстан Республикасы Әділет
Еркін Жұмағатұлы министрлігі Тіркеу қызметі комитеті
төрағасының орынбасары

Сейітов - Қазақстан Республикасы Әділет
Жанат Молдақасымұлы министрлігінің Халыққа құқықтық көмек
және заңгерлік қызмет көрсетуді
ұйымдастыру комитеті төрағасының
орынбасары

Тәжияқов - Қазақстан Республикасы Ұлттық
Бисенғали Шамғалиұлы Банкі Төрағасының орынбасары (келісім
бойынша)

Ермекова - Қазақстан Республикасы Экономика
Несіпбала Әбсағитқызы және бюджеттік жоспарлау министрлігі
Экономика секторларын дамыту
департаментінің директоры

Жәненова - Қазақстан Республикасы Мәдениет
Ғалия Мәсәлімқызы және ақпарат министрлігі Әкімшілік-
құқықтық жұмыс департаментінің директоры

Кәменов - Қазақстан Республикасы Ұлттық
Ғалым Нұржанұлы қауіпсіздік комитеті Арнайы ақпарат
қызметінің директоры (келісім бойынша)

Нұрғожаева - Қазақстан Республикасы Білім және
Татьяна Александровна ғылым министрлігі Қаржы департаментінің
директоры

Тәутеев - Қазақстан Республикасы Қоршаған
Әуесбек Зыпашұлы ортаны қорғау министрлігі Реттеудің
рұқсат беру және ынталандыру тетіктері
департаментінің директоры

Қуанғанова - Қазақстан кәсіпкерлері форумы
Гүлнәр Шаймұратқызы атқарушы директорының орынбасары
(к е л і с і м б о й ы н ш а)

Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.12.21. N 1264
Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 10 наурыздағы
N 219 қаулысымен
бекітілген

**Экономикалық қызмет түрлерін жүзеге асыруды
регламенттейтін мемлекеттік рұқсат беру жүйесін
қалыптастыру мәселелері жөніндегі
комиссия туралы
ереже**

1. Жалпы ережелер

1. Экономикалық қызмет түрлерін жүзеге асыруды регламенттейтін мемлекеттік рұқсат беру жүйесін қалыптастыру мәселелері жөніндегі комиссия Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия қызметінің басты мақсаты экономикалық қызмет түрлерін жүзеге асыруды регламенттейтін мемлекеттік рұқсат беру жүйесін қалыптастыру мәселелері жөнінде ұсыныстар әзірлеуден тұрады.

3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің кесімдерін және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық кесімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2. Комиссияның міндеттері, функциялары мен құқықтары

4. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) экономикалық қызмет түрлерін жүзеге асыруды регламенттейтін мемлекеттік рұқсат беру жүйесін қалыптастыру мәселелері жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

2) лицензияланатын жаңа қызмет түрлерін (кіші түрлерін) қысқарту/енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына экономикалық қызмет түрлерін жүзеге асыруды регламенттейтін мемлекеттік рұқсат беру жүйесін қалыптастыру мәселелері бойынша қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

5. Комиссияның негізгі функциялары:

1) мүдделі мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің және қоғамдық бірлестіктердің ұсыныстарын талдауды жүзеге асыру және экономикалық қызмет түрлерін жүзеге асыруды регламенттейтін мемлекеттік рұқсат беру жүйесін, соның ішінде лицензиялау жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеу;

2) экономикалық қызмет түрлерін жүзеге асыруды регламенттейтін мемлекеттік рұқсат беру жүйесін қалыптастыру және лицензиялау саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындау болып табылады.

6 . К о м и с с и я н ы ң :

1) Қазақстан Республикасының Үкіметіне экономикалық қызмет түрлерін жүзеге асыруды регламенттейтін мемлекеттік рұқсат беру жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар енгізуге;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарының өкілдерін (келісім бойынша) Комиссияның құзыретіне енетін мәселелер бойынша Комиссияның отырыстарына шақыруға және тыңдауға;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарынан (келісім бойынша) Комиссияның міндеттерін іске асыру үшін қажетті анықтамалық-ақпараттық және өзге де материалдарды сұратуға және алуға құқығы бар.

3. Комиссия жұмысын ұйымдастыру

7. Комиссияның төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, отырыстарға төрағалық етеді, жұмысын жоспарлайды, шешімдердің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын орындайды.

8. Комиссияның жұмыс органы Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі болып табылады.

9. Комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстар, қажетті құжаттар, материалдар дайындауды және отырыстан кейін хаттама ресімдеуді Комиссияның хатшысы жүзеге асырады, ол отырысқа дейін кемінде 3 күн бұрын Комиссия мүшелеріне барлық қажетті құжаттарды жібереді.

10. Комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай және жарты жылда кемінде бір рет өткізіледі. Комиссияның отырысы Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды болып саналады.

11. Комиссияның шешімдері ашық дауыспен қабылданады және егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданған болып саналады, хаттамамен ресімделеді және ұсынымдық сипатта болады. Дауыстар тең болған кезде төраға шешуші дауысқа ие болады.

Комиссия мүшелерінің ерекше пікірге құқығы бар, ол білдірілген жағдайда жазбаша түрде жазылуы және комиссияның есеп хатына қоса берілуі тиіс.

12. Комиссияның шешімдері Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдары мен ұйымдарына Комиссия отырыстарының хаттамаларынан алынған үзінді көшірмелер түрінде жеткізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК